

Қазақстан Республикасы Президентінің "Қазақстан Республикасында шағын кәсіпкерлікті дамытудың және қолдаудың 2003-2005 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы туралы" Жарлығының жобасы туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 28 шілдедегі N 755 қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

Қазақстан Республикасы Президентінің "Қазақстан Республикасында шағын кәсіпкерлікті дамытудың және қолдаудың 2003-2005 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы туралы" Жарлығының жобасы Қазақстан Республикасы Президентінің қарауына енгізілсін.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі

Жоба

Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығы Қазақстан Республикасында шағын кәсіпкерлікті дамытудың және қолдаудың 2003-2005 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы туралы

Қазақстан Республикасының Конституциясы 44-бабының 8) тармақшасына сәйкес, Қазақстан Республикасында шағын кәсіпкерлікті одан әрі дамыту және мемлекеттік қолдау мақсатында қаулы етемін:

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасында шағын кәсіпкерлікті дамытудың және қолдаудың 2003-2005 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы (бұдан әрі - Бағдарлама) бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасының Үкіметі бір ай мерзімде Бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспарын әзірлесін және бекітсін.

3. Қазақстан Республикасының Индустрия және сауда министрлігі жыл сайын жарты жылдың және жылдың қорытындылары бойынша Қазақстан Республикасы Президентінің Әкімшілігіне және Қазақстан Республикасының Үкіметіне Бағдарламаның іске асырылу барысы туралы жиынтық талдамалы баяндаманы ұ с ы н с ы н .

4. Бағдарламаның орындалуын қамтамасыз ету жөніндегі бақылау мен үйлестіру Қазақстан Республикасының Индустрия және сауда министрлігіне жүктелсін.

5. Осы Жарлық қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Президенті

Қазақстан

Республикасы

Президентінің

2003

жылғы

"__" _____

№ _____

Жарлығымен

бекітілген

**Қазақстан Республикасында Шағын кәсіпкерлікті
дамытудың және қолдаудың 2003-2005 жылдарға
арналған мемлекеттік бағдарламасы**

Астана, 2003 жыл

1. Бағдарламаның паспорты

Атауы Қазақстан Республикасында шағын кәсіпкерлікті
дамытудың және қолдаудың 2003-2005 жылдарға
арналған мемлекеттік бағдарламасы

Әзірлеу үшін Қазақстан Республикасы Президентінің "Қазақстанның
негіздеме 2030 жылға дейінгі Даму стратегиясын іске асыру
жөніндегі одан арғы шаралар туралы" 2002 жылғы
28 наурыздағы № 827 Жарлығы

Әзірлеуші Қазақстан Республикасының Индустрия және сауда
мемлекеттік министрлігі
орган

Мақсаты Шағын кәсіпкерлікті дамыту есебінен "орта класты"
қалыптастыруға бағытталған, әсіресе, жаңа
технологиялық өндірістерге бағдарланған
институционалды жағдайларды жетілдіру, жаңа жұмыс
орындарын құру

Міндеттері Шағын кәсіпкерлік үшін салық ауыртпалығын
жеңілдету Шағын кәсіпкерліктің кредит ресурстарына
қол жетімділігін жеңілдету
Шағын кәсіпкерлікті қолдаудың мемлекеттік және
мемлекеттік емес институттарының тиімділігін
арттыру

Кәсіпкерлікті мемлекеттік реттеуді оңтайландыру

Бағдарламаның негізгі Шағын кәсіпкерлік үшін салық салу жүйесін жетілдіру
Шағын кәсіпкерлікті қаржы-кредиттік және

бағыттары мен инвестициялық қолдау жүйесін дамыту
оны іске асыру Шағын кәсіпкерліктің инфрақұрылымын дамыту
тетіктері Шағын кәсіпкерлікті кадрлық, ақпараттық,
ғылыми-әдістемелік қамтамасыз ету және насихаттау
Кәсіпкерлікті реттеудің нормативтік-құқықтық
базасын түгендеу және жүйелеу

Қаржыландыру Жыл сайын көлемі 159,12 млн. теңгеден бөлінетін
көздері республикалық бюджет қаражаты, жергілікті
бюджеттердің көрсетілген мақсаттарға көзделген
қаржы бөлу шегіндегі қаражаты, бюджеттен тыс
мақсатты қаражат, халықаралық және отандық қаржы
ұйымдарының гранттары, сондай-ақ кәсіпкерлердің
өздері мен олардың қоғамдық ұйымдарының қаражаты

К ү т і л е т і н М ы н а л а р д ы ң :
нәтиже - шағын кәсіпкерлік субъектілері санының 2003 жылы
- 470 мыңға дейін, 2004 жылы - 500 мыңға дейін,
2005 жылы - 530 мыңға дейін;
- шағын кәсіпкерлікте жұмыспен қамтылғандар
санының 2003 жылы 1,6 млн. адамға дейін, 2004 жылы
- 2,0 млн. адамға дейін, 2005 жылы - 2,2 млн.
адамға дейін;
- ЖІӨ құрылымындағы шағын кәсіпкерлік үлесінің 2003
жылы 22%-ке дейін, 2004 жылы - 25%-ке дейін, 2005
жылы - 27%-ке дейін ұлғаюы.

Бағдарламаны 2003-2005 жылдар
іске асыру
мерзімі

2. Кіріспе

Қазақстан Республикасында шағын кәсіпкерлікті дамытудың және қолдаудың 2003-2005 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы Қазақстан Республикасының 2030 жылға дейінгі кезеңге арналған Даму стратегиясын және "Шағын кәсіпкерлікті мемлекеттік қолдау туралы" Қазақстан Республикасының Заңын одан әрі іске асыру мақсатында әзірленді.

Кәсіпкерлік табиғи жолмен қалыптасқан, ал оны мемлекеттік қолдаудың нысандары мен әдістері әлеуметтік-экономикалық реформалардың көп ғасырлық тарихы барысында жетілдірілген экономикалық дамыған елдерге қарағанда, республикадағы кәсіпкерліктің даму тарихы небары он жылдан астам мерзімді құрайды. Осы кезеңде

кәсіпкерлікті қолдау мен дамытудың төрт мемлекеттік бағдарламасы қабылданды және і с к е а с ы р ы л д ы .

Және Қазақстанда осы сектордың қоғамның әлеуметтік және экономикалық дамуына әсері жалпы ішкі өнімнің жартысынан астамы оның үлесіне тиетін Батыс Еуропаның, Американың және Оңтүстік-Шығыс Азияның өнеркәсібі дамыған елдеріндегідей аса елеулі болмағанымен, біздің еліміздегі шағын кәсіпкерлік іскерлік өмірдің бұқаралық, серпінді дамушы нысаны болып отыр.

Қазақстанда шағын кәсіпкерлікті одан әрі дамыту мақсатында Мемлекет басшысы таяудағы перспективаға шағын бизнесті қолдаудың негізгі бағыттарын айқындады.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002-2004 жылдарға арналған бағдарламасы басымдықты түрде тұтыну тауарларын, құрылыс материалдары мен бұйымдарын өндіруге, ғылымды қажетсінетін және инновациялық өндірістерді құру мен дамытуға, шығарылатын өнімдердің сапасын арттыруға бағдарланған шағын бизнесті одан әрі дамытуға жағдай жасауды көздейді.

Осы Бағдарламада атқарушы органдар қабылдайтын шешімдердің шағын кәсіпкерліктің дамуына әсерін бағалау және осы процеске кәсіпкерлер мен олардың қоғамдық ұйымдарын тарту жолымен шағын кәсіпкерліктің одан әрі дамуын мемлекеттің тарапынан қамтамасыз ету ұсынылады.

Қазақстан Республикасында шағын кәсіпкерлікті дамытудың және қолдаудың 2003-2005 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасының жобасы оған қоғамдық сараптама жүргізу мақсатында 2002 жылғы маусымнан бастап web-сайтқа енгізілді. Бұдан басқа, Бағдарламаның жобасы 2002 жылғы 16 тамызда Алматыда "дөңгелек үстел" отырысында кәсіпкерлердің қоғамдық ұйымдары, банк секторы, халықаралық ұйымдар және бұқаралық ақпарат құралдары өкілдерінің қатысуымен талқыланды.

3. Шағын кәсіпкерлікті дамытудың ағымдағы жай-күйін талдау

Бұрынғы кәсіпкерлікті қолдаудың және дамытудың мемлекеттік бағдарламаларын (1992-1994 ж.ж., 1994-1996 ж.ж., 1999-2000 ж.ж., 2001-2002 ж.ж.) талдау оларды іске асыру республикада кәсіпкерлік сектордың қалыптасуына және дамуына оң әсер еткенін көрсетті. Тауарлар мен қызметтер көрсетудің бәсекелі рыногы құрылды және шағын кәсіпкерлікті қолдау мен дамытудың институционалдық шаралары айқындалды.

Нарықтық реформалар жылдары кәсіпкерлік сектор қоғамда елеулі орынға ие болды. Басты стратегиялық мақсатқа қол жеткізілді - кәсіпкерлікпен айналысу мүмкіндігі республика азаматтарының конституциялық құқықтарының шынайы және ажырамас бөлігі болды, ол үшін мемлекет қажетті жағдайларды жасады.

Ресми статистика деректері бойынша республикада 2003 жылғы 1 қаңтардағы

жағдай бойынша 442,3 мың шағын кәсіпкерлік субъектісі бар, оларда 1,2 млн. астам адам жұмыс істейді. Шағын кәсіпкерлікте жұмыс істейтін жұмысшылардың үлес салмағы жалпы жұмыс істейтіндердің санының 17,6%-ін құрады.

2002 жылы шағын кәсіпкерлік субъектілері тауарлар мен қызметтер көрсетуді сатудан 621,4 млрд. теңгеге жуық сомада кіріс алды. Жалпы ішкі өнімнің құрылымындағы шағын кәсіпкерліктің үлесі 2000 жылдың қорытындылары бойынша 16%-ті құрады және 2001 жылдың қорытындылары бойынша барлығы 16,6%-ке дейін ө с т і .

Шағын кәсіпкерлікті реттеудің нормативтік-құқықтық негізі қалыптасты.

Қазақстан Республикасының Салық кодексінде шағын кәсіпорындардың қызметін салықтық реттеу жүйесін жетілдіруге бағытталған белгілі бір үдемелі шаралар көзделген. Ұйымдық-құқықтық нысанына, кіріс деңгейіне қарай шағын кәсіпкерлік өкілдерінің жекелеген топтарына салық салудың жеңілдетілген режимін беруге сараланған көзқарас, сондай-ақ ауыл шаруашылығы тауарларын өндірушілер үшін айрықша режим енгізу олардың ішіндегі неғұрлым маңыздысы болып табылады.

Осылайша, Салық кодексінің жекелеген бөлімі салық салу жүктемесін айтарлықтай төмендететін және салық салу жүйесін, соның ішінде шағын бизнес субъектілеріне, шаруа фермер қожалықтарына, ауыл шаруашылығы өнімдерін өндіруші заңды тұлғаларға қатысты оңайлатылатын арнайы салық режимдері көзделеді. Шағын бизнес субъектілері үшін арнайы салық режимі: біржолғы талондар, патент және оңайлатылған декларацияларының негізінде салық режимдерін айқындайды.

2002 жылы Салық кодексіне шағын бизнес субъектілері үшін салық ауыртпалығын одан әрі төмендетуге байланысты өзгерістер мен толықтырулар енгізілді.

Банк секторын табанды дамыту қаржылық қызметтер көрсету рыногын дамытуға және шағын кәсіпкерлік кәсіпорындары активтерінің ұлғаюын ынталандыратын қаржы-кредиттік қамтамасыз етудің көп деңгейлі жүйесін әзірлеуге мүмкіндік береді.

Түрлі мамандықтар бойынша халықтың басым бөлігінің жоғары кәсіби білімінің болуы, саланы әртараптану, кеңейту, инвестициялық ағымдарды жаңа салаларға ауыстыру, ғылымды қажетсінетін экспортқа бағдарланған өндірістерді құру үшін алғышарттардың болуы есебінен пайда болатын бәсекелестікті дамыту шағын кәсіпкерліктің табысты дамуына ықпал етеді.

Қазақстанның еуразиялық қиылыстағы тиімді географиялық орналасуы шағын кәсіпкерлік өнімдерінің (жұмыстардың, қызметтер көрсетудің) сыртқы рыноктарға шығуына үлкен мүмкіндіктер ашады.

Сонымен қатар, жүргізілген талдау шағын кәсіпкерлікті дамытуға теріс әсер ететін бірқатар факторларды бөліп шығарды.

Шағын кәсіпкерліктің дамуына кедергі келтіріп отырған аса күрделі проблемалардың бірі шағын кәсіпкерліктің инвестициялық және айналымды қажеттіліктерін қамтамасыз ету үшін жеткілікті қаржы ресурстарының жоқтығы болып

табылады. Банкер шағын кәсіпкерлік субъектілерінің қаржылық тұрақтылығының және олардың кепілдік қабілеттілігінің жеткіліксіздігіне орай заемдар бойынша проценттік ставканы арттыру жолымен тәуекел құнын кредиттерге ауыстыруға мәжбүр
б о л ы п о т ы р .

Сонымен бірге шағын бизнес кәсіпорындарының қормен жарақтануының төмен деңгейі олардың еңбек өнімділігінің төмендігі салдарынан шағын кәсіпкерлік секторының экономикалық тиімділігін арттыруға ықпал етпейді және негізгі құралдарды кепілдікке бере отырып, шағын кәсіпкерлікке кредит беруді тежейді.

Осы себеппен бірқатар жылдар бойы сауда-делдалдық қызмет кәсіпкерлер үшін меншікті қаржы қаражатын жинақтаудың бірден-бір қол жетерлік әдісі болып қалуда. Шағын кәсіпкерлік субъектілерінің сауда саласында тауарларды, қызметтер көрсетуді сатудан алатын кірісі олар алған кірістің жалпы көлемінің 60 %-тен астамын құрайды.

Әкімшілік кедергілерді ұлғайтуға әкелетін шағын кәсіпкерлік қызметін реттейтін қолданыстағы заңдар нормаларын жетілдіруде жүйенің болмауы шағын кәсіпкерлікті дамытуға кері әсер ететін басқа фактор болып табылады.

Шағын кәсіпкерлікті қолдаудың жұмыс істейтін инфрақұрылымының жеткіліксіз үйлестірілуі кәсіпкердің рынокқа кіру кезінде сыртқы және ішкі ортадағы барлық контрагенттермен қатынастарды ретке келтіру мен қолдау қажеттігіне негізделген қосымша шығындарға ұшырауына әкелді. Сыртқысы - бұл мемлекеттік органдармен, қаржы-кредит ұйымдарымен, жеткізушілермен, тұтынушылармен және бәсекелестермен өзара қарым-қатынас; ішкісі - қызметтің түрін және ұйымдастырушылық-құқықтық нысанды таңдау; меншікті капиталдың қажетті мөлшерін қалыптастыру; кадрларды іріктеу және қызметкерлерді басқару; әріптестер тобын және рынок ілімін іздестіру.

Көптеген өңірлерде кәсіпкерлердің біліктілігі және оларды оқыту шешусіз проблема болып қалуда. Бұдан басқа, шағын бизнес үшін инженерлік-техникалық және жұмысшы мамандар саласындағы білікті кадрларға үлкен тапшылық байқалады.

Жүргізілген талдау өткен жылдар тәжірибесінің негізінде шағын кәсіпкерлікті қолдауды жүйелеу жолымен реформаларды тереңдету қажеттігі туралы қорытынды жасауға мүмкіндік береді.

4. Бағдарламаның мақсаты мен міндеттері

Бағдарламаның басты мақсаты - шағын кәсіпкерлікті дамыту есебінен "орта класты" қалыптастыруға бағытталған, әсіресе, жаңа технологиялық өндірістерге, жаңа жұмыс орындарын құруға бағдарланған институционалды жағдайларды жетілдіру болып
т а б ы л а д ы .

Қойылған мақсатқа жету мынадай міндеттерді шешуді:

- 1) шағын кәсіпкерлік үшін салық ауыртпалығын жеңілдетуді;

- 2) шағын кәсіпкерліктің кредит ресурстарына қол жетімділігін жеңілдетуді;
- 3) шағын кәсіпкерлікті қолдаудың мемлекеттік және мемлекеттік емес институттарының тиімділігін арттыруды;
- 4) кәсіпкерлікті мемлекеттік реттеуді оңтайландыруды болжайды.

5. Бағдарламаның негізгі бағыттары мен оны іске асыру тетіктері

- 1) Шағын кәсіпкерлік үшін салық салу жүйесін жетілдіру.
- 2) Шағын кәсіпкерлікті қаржы-кредиттік және инвестициялық қолдау жүйесін дамыту.
- 3) Шағын кәсіпкерліктің инфрақұрылымын дамыту.
- 4) Шағын кәсіпкерлікті кадрлық, ақпараттық, ғылыми-әдістемелік қамтамасыз ету және насихаттау.
- 5) Кәсіпкерлікті реттеудің нормативтік-құқықтық базасын түгендеу және жүйелеу.

5.1. Шағын кәсіпкерлік үшін салық салу жүйесін жетілдіру

Шағын бизнес субъектілері қызметінің нәтижелеріне жыл сайынғы жүргізетін талдауды, елдегі нақты экономикалық жағдайды ескере отырып, шағын бизнес субъектілерінің салық салу жүйесін жетілдіру жөніндегі жұмыстарды жалғастыру қажет.

Бұл ретте патент негізінде жеке кәсіпкерлерге арнайы салық режиміне қолдануға мүмкіндіктер беретін олардың бір жылғы шекті кірісін қосылған құнға салынатын салық бойынша есепке қою үшін іске асыру бойынша ең төменгі айналым мөлшері, жеңілдетілген декларацияның негізінде бюджетпен есеп айырысу кезінде белгіленген салық салу шкаласын, сондай-ақ жеке кәсіпкерлер мен заңды тұлғалардың оңайлатылған декларация негізінде салық салу режимін қолдану үшін шекті кірістерді қайта қарау мәселелері тұрақты назарға алуды талап етеді.

Өндірісті дамытуға инвестицияларды жүзеге асыратын кәсіпкерлерге преференциялар беру проблемасы жеке зерделеуді талап етеді.

Бұл мәселелерді шешу шағын кәсіпкерлікке салық салу жүйесін қолданыстағы заңнама бойынша зерттеуді және оны одан әрі жетілдіру жөнінде ұсынымдар әзірлеуді болжайды.

Осы кезеңде қолданыстағы салық жүйесі экономикалық реттеуші ретінде шағын кәсіпкерлік субъектілері санының артуын ынталандыра отырып, жұмыс орындары санының, өндірілетін жұмыстар мен көрсетілетін қызметтер көлемінің ұлғаюын қамтамасыз етуі өте маңызды.

5.2. Шағын кәсіпкерлікті қаржы-кредиттік және инвестициялық қолдау жүйесін дамыту

Шағын бизнесті қаржы-кредиттік және инвестициялық қолдауды қамтамасыз ету мамандандырылған институттарды дамыту мен шағын кәсіпкерлік субъектілері үшін қолайлы кредиттеу шарттары мен рәсімдерін белгілей отырып, олардың мақсатты топтарын қаржы-кредиттік қамтамасыз етудің адымдық (деңгейлік) сызбасын енгізуді б о л ж а й д ы .

Неғұрлым аз қамтылған азаматтардың және заңды тұлға құрмай жаңадан бастаушы кәсіпкерлердің кәсіпкерлік бастамаларына кредитті ресімдеудің техникалық рәсімдері оңайлатылған шағын кредит берудің коммерциялық та, гранттық та негізде жүзеге асырылатын жүйесі көрсетілген сызбаның іргетасы бола алады. Бұл жаңа жұмыс орындарын құруға және қосымша жұмыспен қамтуды қамтамасыз етуге, сондай-ақ одан әрі дамуды мақсат тұтқан жаңадан бастаушы кәсіпкерлердің кредиттік тарихтарының пайда болуына ықпал ететін болады.

Айналым қаражаты мен өтімді кепілдің жеткіліксіздігімен ұштасқан бизнестің неғұрлым күрделі және жауапты кезеңіндегі кәсіпкерлерді қолдау мақсатында кредитті өтеу қабілетсіздігі жағдайында шығындардың (бөлігінің) орнын толтыру жолымен кредиттік мекемелермен тәуекелдерді бөлісуге және сенімді тіршілік ету қабілеті бар жобаларды жүзеге асыруға ниет білдірген, бірақ кредит беруші банктің талаптарын қанағаттандыруға мүмкіндігі жоқ жеткіліксіз қамтамасыз етілген немесе кредиттік тарихы бар кәсіпкерлерді қолдауға бағытталған шағын кәсіпкерлікті кредит беру кепілдігінің жүйесін жасау үшін жағдайлар қалыптастыру жоспарлануда. Бұл міндет шағын кәсіпкерліктің салалық құрылымын жетілдіру, бастапқы капиталды қаржыландыру арқылы перспективалы қайта өңдеу өндірісін дамыту үшін айрықша ө з е к т і .

Белгілі бір тәжірибе жинақтаған және қызметтің жаңа бағыттарын игеру үшін жоғары технологиялық жабдықтар мен қосымша капиталды қажет ететін кәсіпкерлер үшін қаржылық қолдаудың жаңа құралдарын (лизинг, венчурлік қаржыландыру және т.б.) дамытуды көздейді. Лизингті дамыту және венчурлік құрылымдарды құру жаңа өндірістерді ұлғайтуға және дәстүрлі қаржыландыру көздерін тарта алатын кезеңге дейін қолда бар өндірістерді қалпына келтіруге ықпал етеді.

Бұдан басқа, шағын кәсіпкерлік субъектілерінің екінші деңгейдегі банктерден кредиттер алуына байланысты бірқатар рәсімдерді қайта қарау қажет. Сонымен:

- кепілді тіркеуге байланысты рәсімдерді қарапайымдандыру және оның құнын тө мен дету ;

- шағын бизнес субъектілері үшін жылжымайтын мүлік объектілерін бағалауды және оларға техникалық тексеруді жүргізгені үшін төлемдерді төмендету;

- шағын бизнес кәсіпорындарын кредит беру іс-шаралары бойынша

бизнес-жоспарларды міндетті түрде ұсынудан оларды оңайлатылған нысан бойынша жобаның техника-экономикалық негіздемесімен ауыстыра отырып босату;

- қарыз алушы шағын бизнес кәсіпорындарының қаржы жағдайларының өлшемдерін, сондай-ақ ұсынылатын қарызды қамтамасыз ету түрлеріне қойылатын талаптарды қайта қарауға және оңайлатуға қатысты Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының 1995 жылғы 20 шілдедегі N 76 қаулысымен бекітілген Активтерді жіктеу ережесіне өзгерістер мен толықтырулар енгізу қажет.

Шағын кәсіпкерлік субъектілерінің кредиттік ресурстарға қол жетімділігін ұлғайтуға байланысты мәселелерді шешу оның тұрақты өсімі мен одан әрі дамуын қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

5.3. Шағын кәсіпкерліктің инфрақұрылымын дамыту

Бағдарламаны іске асыру шеңберінде қызметті игеруге немесе кеңейтуге байланысты кәсіпкерлердің шығысын жүйелі түрде бірге алып жүру және есепке алу жолымен қысқарту үшін жағдайлар қалыптастыру болжанып отыр. Осы міндетті орындау шағын кәсіпкерлікті қолдаудың жұмыс істеп тұрған инфрақұрылымының: кәсіпкерлер қауымдастықтарының, бизнес орталықтарының, бизнес-инкубаторлары мен технопарктердің, оқу және консалтингтік орталықтардың тиімділігін арттыру е с е б і н е н м ү м к і н б о л а д ы .

Кәсіпкерлердің қоғамдық ұйымдары нысанындағы қауымдастықтарды құру кең таралымға ие болып отыр. Олардың қызметінің тиімділігін арттыру үшін:

- кәсіпкерлердің мүдделерін білдіруде және қорғауда, консультациялық қызметтер көрсетуде және кәсіпкерлермен оқыту және түсіндіру жұмыстарын жүргізуде, кәсіпкерлердің қоғамдық ұйымдарының кәсібилігін арттыру;

- орталық және жергілікті атқарушы органдар жанынан құрылатын шағын және орта кәсіпкерлікті қолдау мен дамыту мәселелері бойынша сараптама кеңестерінің жұмысына қатысуға кәсіпкерлердің қоғамдық ұйымдарын белсенді тарту;

- кәсіпкерлердің кәсіби салалық қауымдастықтарын құруды ынталандыру;

- кәсіпкерлердің қоғамдық ұйымдарын біріктіру мен оларды шоғырландыру ұ с ы н ы л а д ы .

Шағын кәсіпкерлікті дамыту үшін ірі кәсіпорындармен шағын бизнестің ықпалдасуы үлкен маңызға ие болып отыр. Сондықтан мемлекет тарапынан шағын және ірі шаруашылық құрылымдардағы ынтымақтастықты көтермелеу талап етіледі, ол :

- франчайзинг принциптерінде шағын бизнестің ірі бизнеспен өзара іс-қимылын қ а м т а м а с ы з е т у д е ;

- ірі кәсіпорындардың тапсырыстардың негізгі үлесін жинақтауыш бұйымдар өндірісіне орналастыруда және отандық шағын кәсіпорындар арасында қызметтер

- көрсетуде (70-90%-тен кем емес);
- мұнай-газ және тау-кен-металлургиялық, соның ішінде шетел қатысатын компаниялармен шағын кәсіпкерліктің байланысын нығайтуда;
 - тиімді жұмыс істеу және ірі компаниялардан тапсырыстар алу үшін шағын кәсіпкерлерліктің кәсіптік деңгейін жетілдіруде;
 - ғылымды қажетсінетін салалардың өндірістік процестерінде (мұнай-газ кешені, машина жасау, радиоэлектроника, аспап жасау және т.б.) шағын кәсіпкерліктің қатысуын қамтамасыз етуде;
 - ірі кәсіпорындардың тиісті бөлімшелеріне орныққан жабдықтау-өткізуші, маркетингтік сызба жұмыстарына шағын кәсіпорындарды енгізуді қамтамасыз етуде көрінеді.

5.4. Шағын кәсіпкерлікті кадрлық, ақпараттық, ғылыми-әдістемелік қамтамасыз ету және насихаттау

Шағын кәсіпкерліктің саласы үшін білікті кадрларды даярлау кейіннен еліміздің жоғарғы оқу орындары негізінде біліктілігін арттыра отырып, оларды кәсіпкерлердің өңірлік қауымдастығы, оқу және консалтингтік орталықтар арқылы енгізуді және бірге алып жүруді қоса алғанда, тиісті оқыту әдістемелерін әзірлеу жолымен кәсіпкерлік қызметтің негіздерін оқытудың қолданыстағы жүйесін жетілдіруді болжайды.

Шаруашылық субъектілердің жеткіліксіз ақпараттандырылуына, мамандар консультацияларының жеткіліксіздігіне, тиісті іскерлік қызметтер көрсетудің болмауына байланысты шағын кәсіпкерлікті дамыту проблемаларын шешу кәсіпкерлерді қазіргі заманғы ақпараттық, соның ішінде қашықтықтан алмасуды енгізуге ықпал ететін болады, бұл олардың жұмыс істеу шарттары мен тиімділігін елеулі жақсартуға мүмкіндік береді.

Осы мәселені шешу жөніндегі негізгі күш-жігер өңіраралық тауарлар мен қызметтер көрсетуді алмасуға және шағын кәсіпкерлік субъектілерінің сыртқы рынокқа шығуына ықпал ететін елдердің әртүрлі өңірлеріндегі және шетелдегі сұраныс, бағалар, тауарлар мен қызметтер көрсету рыноктарының ерекшеліктері туралы деректерді қамтитын конъюнктуралық ақпарат желісін жасауға бағытталады.

Кәсіпкерлерді ақпараттық қамтамасыз ету шағын бизнес мәселелері бойынша кешенді ақпараттар құрайтын кәсіпкерлікті қолдаудың бірыңғай ақпараттық желісінің жұмыс істеуі арқылы көзделеді.

Кәсіпкерлікті қолдаудың әртүрлі құралдарын әзірлеу тиісті ақпаратқа және талдамалық әзірлемелерге сүйенуге тиіс.

Экономиканың әртүрлі салаларындағы кәсіпкерлердің әрбір топтарының мүмкіндігін анықтауға көмектесетін кәсіпкерлік қызметті реттейтін шараларды, түрлі әдістемелік ұсынымдар мен оқу бағдарламаларын, нұсқаулықтарды әзірлеу үшін

қажетті ғылыми-негізделген ұсынымдар алуға бағытталған зерттеулердің кең спектрін жүргізу және т.б. көзделуде.

Шағын және орта бизнесті қолдау саласында халықаралық және шетелдік мемлекеттік ұйымдарымен ынтымақтастықты дамыту шеңберінде Қазақстан Республикасында шағын кәсіпкерлікті дамытуға қаржылық және техникалық жәрдемдесудің халықаралық жобаларын дайындау мен іске асыру жөніндегі қызмет жалғастырылатын болады. Шағын кәсіпкерлікті дамыту жөніндегі мемлекеттік саясатты тиімді іске асыруға азаматтардың жиналған материалдық қажеттіліктерді қанағаттандыру көзіне сияқты ғана емес, сонымен бірге маңызды өмір салтына сияқты кәсіпкерлік бастамасына қоғамдық санада ілгерінді қатынас қалыптастыру үшін насихаттау жұмыстарын ұйымдастыру ықпал ететін болады. Осыған байланысты бұқаралық ақпарат құралдарын тарта отырып, ақпараттық-танымдық сипатқа ие семинарлар, конференциялар, "дөңгелек үстелдер" өткізу болжанып отыр.

Бұдан басқа, осы бағыт шеңберінде әйелдер мен жастар кәсіпкерлігін дамытуды насихаттауды жүргізу болжанып отыр. Кәсіпкерлердің осы тобына оларды кәсіпкерлік негіздеріне үйретуді қамтамасыз ете отырып, ерекше көңіл бөлу ұсынылып отыр. Кәсіпкерлік қызметті дербес жүзеге асыру үшін әлеуеті және ниеті бар жастар мен әйелдер арасынан шыққан кәсіпкерлерді қолдауды республикалық және жергілікті бюджеттердің қаражатынан қаржыландырылатын бизнес-инкубаторлардың шеңберінде жүзеге асыру болжанып отыр.

5.5. Кәсіпкерлікті реттеудің нормативтік-құқықтық базасын түгендеу және жүйелеу

Кәсіпкерлік ортаның көптеген жылдары ішінде қалыптасқан өзгерістер оны реттеудің нормативтік құқықтық негізін жетілдіру мәселесін бірінші жоспарға шығарады. Бұл жұмысты мынадай бағыттар бойынша жүзеге асырған орынды.

Осы мақсатта кәсіпкерлік мәселелерін реттейтін қолданыстағы нормативтік құқықтық актілердің орын алып отырған қайшылықтарды жою және оларды экономиканың дамуының қазіргі заманғы жай-күйінің талаптарына сәйкес келтіру мәніне тексеру жүргізу көзделуде.

Жекелеген қызмет түрлерін лицензиялау жүйесі мұқият талдау мен жетілдіруді талап етеді. Орталық және жергілікті атқарушы органдардың функциялары мен өкілеттіктерін ажыратуды жүзеге асыру шеңберінде Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі лицензиялайтын қызмет түрлерін қоспағанда, лицензияларды беру жөніндегі жекелеген функцияларды жергілікті атқарушы органдарға бере отырып, лицензияланатын қызмет түрлерінің тізбесін оңтайландыру болжанып отыр.

Сондай-ақ сертификаттау жүйесін одан әрі жетілдіру жөніндегі жұмысты жүргізу қажет. Өнімдер мен жұмыстардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету принципін бұзбай,

сынақ зертханаларын аккредиттеуді және олардың қызметін бақылауды мемлекетке қалдыру ұсынылып отыр.

Бұдан басқа, салауатты бәсекелі ортаны құру мақсатында осы зертханалардың санын ұлғайту қажет.

Реформалау тізбесін мүдделі мемлекеттік органдармен бірлесіп және осы жұмысқа кәсіпкерлер қауымдастықтарын тарта отырып, қалыптастыру қажет мемлекеттік органдардың басқа да рұқсат беру функцияларын талап етеді. Осылайша, шағын кәсіпкерлік субъектілері үшін жер телімдерін беру мәселелерін осы процесті тездету және қарапайымдандыру мүмкіндігімен нақтылау қажет.

Осы проблемаларды конструкциялық шешу артық әкімшілік кедергілерді жоюға, осы арқылы барлық субъектілер үшін рынокқа барынша қарапайым жолмен кіруге мүмкіндік береді.

Сот практикасын зерделеу мен қорыту негізінде шығарылған сот шешімдерінің біркелкілігін және олардың уақтылы орындалуын қамтамасыз ету жөнінде шаралар қабылдау көзделеді, қазіргі кезде олардың жоқтылығы сот органдарының құзыретіне жатқызылған мәселелерді кез келген тәсілдермен шешу үшін кәсіпкерлерді барлық мемлекеттік органдарға жүгінуге мәжбүр етеді.

Кәсіпкерлік қызметтің еркіндігі құқына кепілдіктерді іске асыру тек мемлекетке ғана емес, кәсіпкерлердің өздеріне және олардың қоғамдық ұйымдарына байланысты.

Кәсіпкерлердің қоғамдық ұйымдарының мемлекеттік органдардың экономика және әлеуметтік саясат саласында шешімдер қабылдауына барынша қатысуы үшін Үкіметтің 2002-2004 жылдарға арналған бағдарламасында барлық орталық атқарушы органдардың жанынан шағын және орта кәсіпкерлікті қолдау мен дамыту мәселелері жөніндегі сараптама кеңестерін құру көзделген. Осы кеңестер негізінде нормативтік құқықтық актілерді әзірлеу мен ұсынымдар дайындау мемлекет жүргізіп отырған экономикалық саясатқа сәйкес келеді.

6. Бағдарламаны қаржыландыру ресурстары мен көздері

Шағын бизнесті мемлекеттік қолдауды қаржылық қамтамасыз ету көрсетілген мақсаттарға жыл сайын көзделетін қаржы бөлу шегінде республикалық және жергілікті бюджеттер қаражатының, сондай-ақ Қазақстан Республикасы алатын мақсатты қарыздардың, мемлекеттік заттай гранттардың және заңдармен тыйым салынбаған басқа да көздердің есебінен жүзеге асырылатын болады.

Мемлекеттік бағдарламада көзделген іс-шаралар жоспарын іске асыру үшін жыл сайын республикалық бюджеттен 159,12 млн. теңге көлемінде қаражат бөлу болжанады.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК